

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 483 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу және "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 483 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 қазандағы № 248 бұйрығының күшін жою туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2026 жылғы 29 шілдедегі № 212-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 30 шілдеде № 39444 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 483 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30833 болып тіркелді) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3 тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және бастауыш білім беруді, негізгі орта білім беруді, жалпы орта білім беруді, мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді, діни білім беруді, кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтерін, сондай-ақ, мамандықтар топтары бойынша әскери, арнайы оқу орындары ұсынатын заңды тұлғалардың (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) білім беру қызметімен айналысуына лицензияны беру тәртібін белгілейді.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Білім беру қызметімен айналысуға лицензиялар және (немесе) лицензияға қосымшалар бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін, сондай-ақ, әскери, арнаулы оқу орындары үшін олардың қолданылу мерзімі шектелмей беріледі.

Кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтерін ұсынатын, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензиялар және (немесе) лицензияға қосымшалар 5 (бес) жыл қолданылу мерзімімен беріледі.";

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкіметтің" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы өтінішті, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері саласында

білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Негізгі талаптардың тізбесі) 9-тармағында көрсетілген құжаттарды жолдайды.

5-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік цифрлық жүйелерде қамтылған заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, медициналық қызметке лицензия туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде лицензияны және (немесе) оған қосымшаны беру, лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеу кезінде заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде:

1) Комитетте:

жауапты қызметкер құжаттарды тіркеген сәттен бастап 22 (жиырма екі) жұмыс күні ішінде құжаттардың Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 болып тіркелген) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сәйкестігін тексереді, көрсетілетін қызметті алушыға бару арқылы рұқсаттық бақылау жүргізеді, сараптама қорытындысын қалыптастырады және оны білім беру қызметін лицензиялау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) қарауына ұсынады. Комиссия туралы ереже мен құрамы Комитет төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

Комиссия сараптама қорытындысын қарап, 2 (екі) жұмыс күні ішінде шешім қабылдайды.

Комиссияның шешімі негізінде жауапты қызметкер 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің басшысына келісуге және тексеруге жіберілетін электрондық шешімді – лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты қалыптастырады, ол көрсетілетін қызметті берушінің басшысына келісуге және тексеруге жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру, заңды тұлға-лицензиаттың бөлініп шығу немесе бөліну нысанында қайта ұйымдастырылуы кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу туралы не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту туралы шешімді қабылдайды және 1 (бір) жұмыс күні ішінде оған электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы қол қояды. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылған кезде көрсетілетін қызметті алушымен тыңдау өткізілмейді.";

2) Департаменттерде:

жауапты қызметкер құжаттар тіркелген сәттен бастап 22 (жиырма екі) жұмыс күні ішінде олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін тексереді, көрсетілетін қызметті алушыға бару арқылы рұқсаттық бақылау жүргізеді, сараптама қорытындындысын қалыптастырады және оны комиссияның қарауына ұсынады. Комиссия туралы ереже мен құрамы Департамент директорының бұйрығымен бекітіледі.

Комиссия сараптама қорытындысын қарап, 2 (екі) жұмыс күні ішінде шешім қабылдайды.

Комиссияның шешімі негізінде жауапты қызметкер 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің басшысына келісуге және тексеруге жіберілетін электрондық шешімді – лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты қалыптастырады, ол көрсетілетін қызметті берушінің басшысына келісуге және тексеруге жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру, заңды тұлға-лицензиаттың бөлініп шығу немесе бөліну нысанында қайта ұйымдастырылуы кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу туралы не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту туралы шешімді қабылдайды және 1 (бір) жұмыс күні ішінде оған электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы қол қояды. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылған кезде көрсетілетін қызметті алушымен тыңдау өткізілмейді.";

8-тармақтың оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Лицензиаттар мен лицензия объектісі мекенжайларының өзгеруі мемлекеттік цифрлық жүйелерді интеграциялау арқылы жүзеге асырылады.";

8-тармақтың он бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Көрсетілетін қызметті алушы лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеуге өтініш берген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері құжаттарды тіркеген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде құжаттардың қайта ресімдеу талаптары мен негіздеріне сәйкестігін қарайды."

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Қазақстан Республикасының білім саласындағы уәкілетті органы 3 (үш) жұмыс күні ішінде қызметті берушілерге, "цифрлық үкіметтің" операторына және Бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі және мемлекеттік қызмет

көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты олар бекітілген немесе өзгертілген күнінен бастап ұсынады."

11-тармақтың төртінші және бесінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2. "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 483 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 қазандағы № 248 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37314 болып тіркелген) күші жойылсын.

3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1-тармағының екінші, үшінші, алтыншы және жетінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2027 жылғы 1 қаңтардан бастап "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмелетке

толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес қолданылады деп бекітілсін.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы

Ж. Шарабасов

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2026 жылғы 29 шілдедегі
№ 212-НҚ
бұйрығына 1- қосымша
"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта,
техникалық және кәсіптік, орта
білімнен
кейінгі білім беру, діни білім беру,
кәмелетке толмағандарға білім
беру-сауықтыру қызметтері саласында
білім беру қызметімен айналысуға
лицензия беру" мемлекеттік
қызметін көрсету қағидаларына
1-қосымша

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
		Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті - лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаларды беру; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті - лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеу; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті - қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеу;

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің аумақтық департаменттері - лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаларды беру; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің аумақтық департаменттері- лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеу; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің аумақтық департаменттері - қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеу.
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауын	1. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаларды беру; 2. Лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеу; 3. Қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеу.
3.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	"цифрлық үкіметтің" www.egov.kz , www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал).
4.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	лицензияны және (немесе) оған қосымшаны беру – 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей; лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеу – үш жұмыс күнінен кешіктірмей; заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару, бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеу – 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей.
5.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электрондық (ішінара цифрландырылған).
		Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру, лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеу

6.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	не осы негізгі талаптардың тізбесінің 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында "жеке кабинетке" жіберіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.
7.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны жинау тәсілдері	Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде және тегін көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасы салық кодексіне сәйкес бюджетке жекелеген қызмет түрімен айналысу құқығына лицензиялық алым төленеді: 1) лицензияны беру кезінде төленетін лицензиялық алым 10 (он) айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК) құрайды; 2) лицензияны қайта ресімдеу кезінде лицензиялық алым – төлеу күніне белгіленген 1 (бір) АЕК. Лицензиялық алым төлеу қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар немесе "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады. Лицензияға қосымшаны, берілген лицензияда және (немесе) лицензияға қосымшада қателер табылған және тиісті түзетулер енгізілген жағдайларда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны берген кезде мемлекеттік қызмет көрсетілгені үшін ақы алынбайды.

8.	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және цифрлық объектілерінің жұмыс графигі	1) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 2) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің: www.edu.gov.kz, control.edu.gov.kz; порталдың: www.egov.kz, www.elicense.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.
		"цифрлық үкімет" порталына: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті: 1) Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаларды беру: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы; осы негізгі талаптардың тізбесінің 7-тармағында көзделген жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәліметтер; Іске асырылатын білім беру оқу бағдарламаларына байланысты қосымша мынадай құжаттар

ұсынылады: діни білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін: осы негізгі талаптардың тізбесіне 1, 2, 3, 4, 5, 6, 8-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары;

"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің № 473 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 473 бұйрық) бекітілген электрондық көшірмелерінің болуы.

2) Лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеу: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электронды құжат нысанындағы сұрау салуы;

"цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеуді қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәліметтер;

алынатын ақпараты мемлекеттік цифрлық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың электрондық көшірмелері..

3) Қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеу: заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін осы негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағының 1) тармақшасында

Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

көрсетілген мәліметтер нысаны мен құжаттардың электрондық көшірмелері қосымша ұсынылады ;

Көрсетілетін қызметті беруші заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі), медициналық қызметке лицензия туралы, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәліметтер мемлекеттік цифрлық жүйелердегі құжаттардың мәліметтерін тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы алады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің аумақтық департаменттері:

4) Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаларды беру: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы;

осы негізгі талаптардың тізбесінің 7-тармағында көзделген жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәліметтер;

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын көрсетілетін қызметті алушылар өздері үшін жаңа мамандықтар бойынша лицензияға қосымшаны алған кезде порталда құжаттарды беру Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің аумақтық департаменттерін көрсете отырып, әрбір сұратылған мамандықтар бойынша порталда жеке жүргізіледі;

Іске асырылатын білім беру оқу бағдарламаларына байланысты қосымша мынадай құжаттар ұсынылады:

бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін: осы негізгі талаптардың тізбесіне 1, 2, 3, 4, 5, 6, 8-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары; № 473 бұйрығына сәйкес бекітілген электрондық көшірмелерінің болуы. негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін: осы негізгі талаптардың тізбесіне 1, 2, 3, 4, 5, 6, 8-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары; № 473 бұйрығына сәйкес бекітілген электрондық көшірмелерінің болуы. жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін: осы негізгі талаптардың тізбесіне 1, 2, 3, 4, 5, 6, 8-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары; № 473 бұйрығына сәйкес бекітілген электрондық көшірмелерінің болуы. техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін: осы негізгі талаптардың тізбесіне 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары; № 473 бұйрығына сәйкес бекітілген электрондық көшірмелерінің болуы. орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін: осы негізгі талаптардың тізбесіне 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары; № 473 бұйрығына сәйкес бекітілген электрондық көшірмелерінің болуы. кәмелетке толмағандарға білім

беру-сауықтыру қызметтерін іске асыратын ұйымдарының қызметі үшін:

осы негізгі талаптардың тізбесіне 1, 2, 3, 4, 5, 6, 8-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары;

№ 473 бұйрығына сәйкес бекітілген электрондық көшірмелерінің болуы.

5) Лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеу:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы;

"цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеуді қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәліметтер;

алынатын ақпараты мемлекеттік цифрлық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың электрондық көшірмелері;

6) Қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеу:

заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін осы негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген мәліметтер нысаны мен құжаттардың электрондық көшірмелері қосымша ұсынылады ;

Көрсетілетін қызметті беруші заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі), медициналық қызметке лицензия туралы, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәліметтер мемлекеттік цифрлық жүйелердегі

		құжаттардың мәліметтерін тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы алады. Егер Қазақстан Республикасының заңдарына өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету кезінде цифрлық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты қолдану үшін көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.
10.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер	Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер: 1) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының талаптарына сәйкес келмеуі, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту, егер: Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты, қызметінің нысанасы қаржылық қызметтер көрсету болып табылатын шетелдік заңды тұлғаның филиалы үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған; лицензиялық алым енгізілмеген; өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген; лицензиар тиісті келісуші мемлекеттік органнан өтініш берушінің лицензиялау кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні туралы жауап алған; өтініш берушіге қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған; сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот өтініш

		беруші-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған; өтініш беруші лицензия алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталған жағдайларда жүзеге асырылады. 2) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы; 3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы.
11.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса), оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	1. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы цифрлық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777. 2. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу тәртібінде көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметі, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығының 1414, 8-800-080-7777 телефоны арқылы алуға мүмкіндігі бар. "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмететке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметімен айналысуға

Педагог, оқытушы және басшы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер _____

№	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Туған жылы мен жері	Жоғары және/немесе техникалық және кәсіптік және/немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы, педагогикалық қайта даярлау туралы мәліметтер, диплом бойынша мамандығы, біліктілігі, білім беру ұйымы, бітірген жылы, өндірістік оқыту шеберлері үшін – тағылымдамадан өткені туралы мәліметтер (ұйымны	Негізгі жұмыс орны (а) ұйымның мекен жайы)	Оқытылатын пәндер бейіні бойынша (а) практикалық жұмыс туралы мәлімет, жұмыс өтілі	Сотталмағандығы (сотталғандығы) туралы мәлімет *	Санаты, берілген күні, санат берілгені туралы бұйрықтың нөмірі* педагог - сарапшылар, педагог-зерттеушілер, педагог - шеберлер туралы мәлімет. Конкурстар мен жарыстардың жеңімпаздарын дайындаған педагогтер	Медициналық тексеруден өткені туралы мәлімет (жеке медициналық кітапшаның болуы) *	Магистр дәрежесі туралы мәлімет (мамандығы,
---	---	---------------------	---	--	--	--	---	--	---

			ң , өндірісті ң атауы, Оқу, тағылым дама кезеңі), маман сертифи каты				туралы мәлімет тер		берілген жылы)*
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы

"Философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі туралы мәлімет, мамандығы, берілген жылы	"Философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі туралы мәлімет, мамандығы, берілген жылы	"Ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі туралы мәлімет, мамандығы, берілген жылы	"Қауымдастыр ылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атағы туралы мәлімет, мамандығы, берілген жылы	Қазақстан Республикасының мемлекеттік марапаттарым ен және құрметті атақтары, "Еңбек сіңірген жаттықтырушы" спорттық атақтары немесе жоғары мен бірінші дәрігерлік санаты туралы мәлімет, берілген жылы	Тану туралы куәліктің болуы туралы мәлімет	Оқытатын пәні
11	12	13	14	15	16	17

Ескертпе: * бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін.

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмететке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне

2-қосымша

Нысан

Оқу, көркем және ғылыми әдебиет қорының болуы туралы мәліметтер _____

(білім беру ұйымының атауы) (_____ жағдай бойынша)

Р/с №	Оқу пәні, кәсіп бойынша, даярланатын мамандық біліктілігі бойынша, кадрларды даярлау бағыты бойынша оқу пәні, қызмет түрі, тәрбиелеу және оқыту бағдарламасының бөлімі	Пәнді оқитын білім алушылардың саны (болжамды жинақталуы)	Оқу әдебиеті (атауы, басылып шыққан жылы, авторлары)	Оқу-әдістемелік, көркем, ғылыми әдебиеттер (атауы, басылып шыққан жылы, авторлары)*	Саны кемінде 1 дана
1	2	3	4	5	6
Барлығы:					

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне
3-қосымша
Нысан

Ғимараттардың (оқу корпустарының) медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі және білім беру немесе денсаулық сақтау ұйымының медициналық қызметке лицензиясының болуы туралы мәліметтер

(білім беру/денсаулық сақтау ұйымының атауы) (_____ жағдай бойынша)

Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекенжайы	Медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәлімет (нөмірі)	Ескертпе
1	2	3

Лицензияның мәртебесі "e-license.kz" МҚ ЦЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі.

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері

саласында білім беру
 қызметімен айналысуға
 лицензия беру" мемлекеттік
 қызмет көрсетуге қойылатын
 негізгі талаптардың тізбесіне
 4-қосымша
 Нысан

Санитариялық қағидаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің және тамақтану объектісіне санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы туралы мәліметтер

(білім беру ұйымының атауы) (_____ жағдай бойынша)

Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекенжайы	Тамақтандыру объектісінің атауы (асхана, буфет, дәмхана)	Тамақтандыру объектісінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы (күні және нөмірі)	Ескертпе (тамақтандыру объектісін жалға берген жағдайда жалға алушылар туралы мәліметтерді көрсету)
1	2	3	4

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне
 5-қосымша
 Нысан

Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы, ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жасалған жағдайлар туралы мәліметтер

(білім беру ұйымының атауы) (_____ жағдай бойынша)

		Меншік үй-жайлардың түрі (кабинеттер, дәрісхана аудиториялары, практикалық сабақтарға арналған үй-жайлар, нақты мамандықтар, кәсіптер бойынша)	
--	--	--	--

Құрылыстың типі (типтік жоба, ыңғайластырылған, өзге) білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекенжайы	Материалдық-қаржылық активтердің болуы (меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі), материалдық активтерді жалға алу туралы мәлімет	зертханалар мен шеберханалар, мәжіліс және спорт залдары), әлеуметтік-тұрмыстық (өткізу пункттерінің, санитариялық тораптардың болуы (унитаздар, қол жуғыштар), білім беру ұйымының үй-жайларында және іргелес жатқан аумақтарында бейнебақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар (балалар) үшін жағдайлардың болуы	Жалпы алаңы (м2)
1	2	3	4

Ескертпе: *жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және оның техникалық сипаттамалары туралы ақпарат "Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры" МҚ ЦЖ-дан деректерді алу мүмкіндігі болған жағдайда ұсынылмайды.

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмететке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне
6-қосымша
Нысан

Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы, оның ішінде компьютерлік сыныптардың, компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің, техникалық оқу құралдарының, білім беруді басқарудың цифрдық жүйесінің, ҰБДҚ-нің, білім беру ұйымдарының үй-жайларында және аумағында бейнекамералардың болуы туралы мәліметтер

Жалпы және пайдалы алаңының ауданы (м2)	Жарактандырылуы туралы мәлеметтер							Білім беруді басқарудың цифрлық жүйесінің және ҰБДҚ болуы,
	Атауы мен ауданы	Оқу-өндірістік шеберхана л а р , оқу-тәжіри		Түрі көрсетілген оқу және оқу-зертха		Компьютерлік сыныптар, компьютерлер,	Онлайн-оқыту	

көрсетілген ғимараттың құрылыстың нақты мекенжайы	көрсетілген аудиториялар, пән кабинеттері*	белік учаскелер, оқу шаруашылықтары, оқу полигондары*	Атауы көрсетілген оқу зертханалары* (м2)	на жабдықтарының, техникалық оқу құралдарының тізбесі	Мәжіліс залы, спорт залы (м2), кітапхана	жабдықтар, жиһаз, жеке қолдануға арналған шкафтар, бейнекамералар	бойынша жабдықтардың болуы туралы мәліметтер	аймақтағы үшінші деңгейлі домендік атау edu.kz туралы мәліметтер. Интернеттің болуы туралы ақпарат
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Ескертпе: * техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін сұратылып отырған мамандық бойынша ақпарат ұсынылады.

Компьютерлік сыныптардың болуы туралы біліктілік талаптары шағын жинақталған мектептерге қолданылмайды.

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмететке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне

7-қосымша

Нысан

Цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттердің болуы туралы мәліметтер

(білім беру ұйымының атауы) (_____ жағдай бойынша)					
Р/с №	Кәсіп бойынша, кадрларды даярлау бағыты бойынша, даярланатын мамандық біліктілігі бойынша оқу пәні	Атауы, жасалған жылы	Авторлары	Халықаралық, ұлттық дерекқорларға жазылу туралы мәлімет	Сілтемелер
1	2	3	4	5	6

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмететке

толмағандарға білім беру-
сауықтыру қызметтері
саласында білім беру
қызметімен айналысуға
лицензия беру" мемлекеттік
қызмет көрсетуге қойылатын
негізгі талаптардың тізбесіне
8-қосымша

Нысан

Педагогтер мен басшы кадрлардың пәннің бейініне, білім беру бағдарламаларына сәйкес соңғы бес жылда біліктілігін арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы мәліметтер

№	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Тақырыптың атауы	Оқыған орны мен кезеңі	Оқыған ұйымның атауы	Сағаттар саны және жұмыс өтілі	Аяқталу нысаны
1	2	3	4	5	6	7

Білім беру ұйымының басшысы _____

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) (қолы)

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2026 жылғы 29 шілдедегі
№ 212-НҚ
бұйрығына 2- қосымша
Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 30 қарашадағы № 483
бұйрығымен бекітілген

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және заңды тұлға құрмай,

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын дара кәсіпкерлерді қоса алғанда, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш білім беруді, негізгі орта білім беруді, жалпы орта білім беруді, мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді, діни білім беруді, кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтерін, сондай-ақ, мамандықтар топтары бойынша әскери, арнайы оқу орындары ұсынатын заңды тұлғалардың (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) білім беру қызметімен айналысуына лицензияны беру тәртібін белгілейді.

2. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің аумақтық департаменттері (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – Комитет) діни білім беру бойынша білім беру саласындағы қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиар болып табылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің аумақтық департаменттері (бұдан әрі – Департаменттер) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру, мамандықтар бойынша орта білімнен кейінгі білім беру бойынша, әскери, арнайы оқу орындары, мамандықтар бойынша орта білімнен кейінгі білім беру, кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері білім беру саласындағы қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиарлар болып табылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Білім беру қызметімен айналысуға лицензиялар және (немесе) лицензияға қосымшалар мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін, сондай-ақ әскери, арнаулы оқу орындары үшін олардың қолданылу мерзімі шектелмей беріледі.

Кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтерін ұсынатын, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензиялар және (немесе) лицензияға қосымшалар 5 (бес) жыл қолданылу мерзімімен беріледі.

5. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкіметтің" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы өтінішті, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі - Негізгі талаптардың тізбесі) 9-тармағында көрсетілген құжаттарды жолдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар осы Қағидаларға 1-қосымшада келтірілген Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде баяндалған.

Порталда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтінішті (сұранысты) қабылдау туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттар түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкеріне орындауға береді. Көрсетілетін қызметті алушы еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Мемлекеттік цифрлық жүйелерде қамтылған заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, медициналық қызметке лицензия туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкері құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" жіберіледі.

7. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде лицензияны және (немесе) оған қосымшаны беру, лицензияны және (немесе) оған

қосымшаны қайта ресімдеу кезінде заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде:

1) Комитетте:

жауапты қызметкер құжаттарды тіркеген сәттен бастап 22 (жиырма екі) жұмыс күні ішінде құжаттардың Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 болып тіркелген) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сәйкестігін тексереді, көрсетілетін қызметті алушыға бару арқылы рұқсаттық бақылау жүргізеді, сараптама қорытындысын қалыптастырады және оны білім беру қызметін лицензиялау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) қарауына ұсынады. Комиссия туралы ереже мен құрамы Комитет төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

Комиссия сараптама қорытындысын қарап, 2 (екі) жұмыс күні ішінде шешім қабылдайды.

Комиссияның шешімі негізінде жауапты қызметкер 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің басшысына келісуге және тексеруге жіберілетін электрондық шешімді – лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты қалыптастырады, ол көрсетілетін қызметті берушінің басшысына келісуге және тексеруге жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру, заңды тұлға-лицензиаттың бөлініп шығу немесе бөліну нысанында қайта ұйымдастырылуы кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу туралы не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту туралы шешімді қабылдайды және 1 (бір) жұмыс күні ішінде оған электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы қол қояды. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылған кезде көрсетілетін қызметті алушымен тыңдау өткізілмейді.";

2) Департаменттерде:

жауапты қызметкер құжаттар тіркелген сәттен бастап 22 (жиырма екі) жұмыс күні ішінде олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін тексереді, көрсетілетін қызметті алушыға бару арқылы рұқсаттық бақылау жүргізеді, сараптама қорытындысын қалыптастырады және оны комиссияның қарауына ұсынады. Комиссия туралы ереже мен құрамы Департамент директорының бұйрығымен бекітіледі.

Комиссия сараптама қорытындысын қарап, екі жұмыс күні ішінде шешім қабылдайды.

Комиссияның шешімі негізінде жауапты қызметкер 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің басшысына келісуге және тексеруге жіберілетін электрондық шешімді – лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны не

мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты қалыптастырады, ол көрсетілетін қызметті берушінің басшысына келісуге және тексеруге жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру, заңды тұлға-лицензиаттың бөлініп шығу немесе бөліну нысанында қайта ұйымдастырылуы кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу туралы не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту туралы шешімді қабылдайды және 1 (бір) жұмыс күні ішінде оған электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы қол қояды. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылған кезде көрсетілетін қызметті алушымен тыңдау өткізілмейді.";

8. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

9. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша:

1) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгерген;

2) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы немесе заңды мекенжайы өзгерген;

3) заңды тұлға-лицензиат "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заң) 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес қайта ұйымдастырылған;

4) заңды тұлға-лицензиаттың атауы және (немесе) орналасқан жері өзгерген (лицензияда мекенжайы көрсетілген жағдайда);

5) егер нақты лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-қосымшасында көзделген жағдайларда, лицензиат үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығарған;

6) "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгерген;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда қайта ресімделуге жатады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 4) және 6) тармақшаларының күші дара кәсіпкер-лицензиаттың заңды мекенжайының, заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жері мекенжайының, "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе объектілер көрсетіле отырып, лицензияға қосымшалар үшін объектісінің орналасқан жері мекенжайының өзгеруі "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес елді мекендер атауының, көше аттарының өзгеруіне байланысты болған жағдайларға қолданылмайды.

Лицензиаттар мен лицензия объектісі мекенжайларының өзгеруі мемлекеттік цифрлық жүйелерді интеграциялау арқылы жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеуге өтініш берген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері құжаттарды тіркеген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде құжаттардың қайта ресімдеу талаптары мен негіздеріне сәйкестігін қарайды.

Тексеру қорытындысы бойынша көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері 2 (екі) жұмыс күні ішінде лицензияны қайта ресімдейді не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды дайындайды, оған көрсетілетін қызметті берушінің басшысы ЭЦҚ пайдалана отырып қол қояды және көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" жіберіледі.

10. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

11. Қазақстан Республикасының білім саласындағы уәкілетті органы 3 (үш) жұмыс күні ішінде қызметті берушілерге, "цифрлық үкіметтің" операторына және Бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі және мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты олар бекітілген немесе өзгертілген күнінен бастап ұсынады.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

12. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне және Заңға сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

13. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелері бойынша қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмететке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына
I-қосымша

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмететке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті - лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаларды беру; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті - лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеу; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті - қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеу; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің аумақтық
----	---------------------------------------	---

		департаменттері - лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаларды беру; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің аумақтық департаменттері- лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеу; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің аумақтық департаменттері - қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеу.
2.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	1. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаларды беру; 2. Лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеу; 3. Қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеу.
3.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	"цифрлық үкіметтің" www.egov.kz , www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал).
4.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	лицензияны және (немесе) оған қосымшаны беру – 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей; лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеу – үш жұмыс күнінен кешіктірмей; заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару, бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеу – 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей.
5.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электрондық (ішінара цифрландырылған).
		Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру, лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеу не осы негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті

6.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында "жеке кабинетке" жіберіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.
7.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны жинау тәсілдері	Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде және тегін көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде және тегін көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасы салық кодексіне сәйкес бюджетке жекелеген қызмет түрімен айналысу құқығына лицензиялық алым төленеді: 1) лицензияны беру кезінде төленетін лицензиялық алым 10 (он) айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК) құрайды; 2) лицензияны қайта ресімдеу кезінде лицензиялық алым – төлеу күніне белгіленген 1 (бір) АЕК. Лицензиялық алым төлеу қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар немесе "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады. Лицензияға қосымшаны, берілген лицензияда және (немесе) лицензияға қосымшада қателер табылған және тиісті түзетулер енгізілген жағдайларда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны берген кезде мемлекеттік қызмет көрсетілгені үшін ақы алынбайды.

8.	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және цифрлық объектілерінің жұмыс графигі	1) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 2) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің: www.edu.gov.kz, control.edu.gov.kz; порталдың: www.egov.kz, www.elicense.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.
		"цифрлық үкімет" порталына: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті: 1) Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаларды беру: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы; осы негізгі талаптардың тізбесінің 7-тармағында көзделген жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәліметтер; Іске асырылатын білім беру оқу бағдарламаларына байланысты қосымша мынадай құжаттар ұсынылады:

діни білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін: осы негізгі талаптардың тізбесіне 1, 2, 3, 4, 5, 6, 8-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары;

"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің № 473 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 473 бұйрық) бекітілген электрондық көшірмелерінің болуы.

2) Лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеу: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы;

"цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеуді қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәліметтер;

алынатын ақпараты мемлекеттік цифрлық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың электрондық көшірмелері..

3) Қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеу:

заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін осы негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағының 1) тармақшасында

көрсетілген мәліметтер нысаны мен құжаттардың электрондық көшірмелері қосымша ұсынылады ;

Көрсетілетін қызметті беруші заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі), медициналық қызметке лицензия туралы, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәліметтер мемлекеттік цифрлық жүйелердегі құжаттардың мәліметтерін тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы алады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің аумақтық департаменттері:

4) Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаларды беру: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы;

осы негізгі талаптардың тізбесінің 6-тармағында көзделген жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәліметтер;

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын көрсетілетін қызметті алушылар өздері үшін жаңа мамандықтар бойынша лицензияға қосымшаны алған кезде порталда құжаттарды беру Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің аумақтық департаменттерін көрсете отырып, әрбір сұратылған мамандықтар бойынша порталда жеке жүргізіледі;

Іске асырылатын білім беру оқу бағдарламаларына байланысты қосымша мынадай құжаттар ұсынылады:

Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету

9.	үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын іске асыратын, білім беру ұйымдарының қызметі үшін: осы негізгі талаптардың тізбесіне 1, 2, 3, 4, 5, 6, 8-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары; бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін: осы негізгі талаптардың тізбесіне 1, 2, 3, 4, 5, 6, 8-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары; № 473 бұйрығына сәйкес бекітілген электрондық көшірмелерінің болуы. негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін: осы негізгі талаптардың тізбесіне 1, 2, 3, 4, 5, 6, 8-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары; № 473 бұйрығына сәйкес бекітілген электрондық көшірмелерінің болуы. жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін: осы негізгі талаптардың тізбесіне 1, 2, 3, 4, 5, 6, 8-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары; № 473 бұйрығына сәйкес бекітілген электрондық көшірмелерінің болуы. техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін: осы негізгі талаптардың тізбесіне 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысандары; № 473 бұйрығына сәйкес бекітілген электрондық көшірмелерінің болуы. орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін:
----	--	---

осы негізгі талаптардың тізбесіне
1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8-қосымшаларға
сәйкес мәліметтер нысандары;

№ 473 бұйрығына сәйкес
бекітілген электрондық
көшірмелерінің болуы. кәметке
толмағандарға білім
беру-сауықтыру қызметтерін іске
асыратын ұйымдарының қызметі
үшін:

осы негізгі талаптардың тізбесіне
1, 2, 3, 4, 5, 6, 8-қосымшаларға
сәйкес мәліметтер нысандары;

№ 473 бұйрығына сәйкес
бекітілген электрондық
көшірмелерінің болуы.

5) Лицензияны және (немесе) оған
қосымшаны қайта ресімдеу:

көрсетілетін қызметті алушының
ЭЦҚ-мен куәландырылған
электрондық құжат нысанындағы
сұрау салуы;

"цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі
арқылы төлеуді қоспағанда,
жекелеген қызмет түрлерімен
айналысу құқығы үшін
лицензиялық алымның төленгенін
растайтын мәліметтер;

алынатын ақпараты мемлекеттік
цифрлық жүйелерде қамтылған
құжаттарды қоспағанда,
лицензияны және (немесе)
лицензияға қосымшаны қайта
ресімдеу үшін негіз болған
өзгерістер туралы ақпарат
қамтылған құжаттардың
электрондық көшірмелері;

6) Қайта ұйымдастыру кезінде
лицензияны және (немесе) оған
қосымшаны қайта ресімдеу:

заңды тұлға-лицензиатты бөліп
шығару немесе бөлу нысанында
қайта ұйымдастыру кезінде
лицензияны және (немесе)
лицензияға қосымшаны қайта
ресімдеу үшін осы негізгі
талаптардың тізбесінің 8-
тармағының 4) тармақшасында
көрсетілген мәліметтер нысаны
мен құжаттардың электрондық
көшірмелері қосымша ұсынылады

;

		Көрсетілетін қызметті беруші заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі), медициналық қызметке лицензия туралы, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәліметтер мемлекеттік цифрлық жүйелердегі құжаттардың мәліметтерін тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы алады. Егер Қазақстан Республикасының заңдарына өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету кезінде цифрлық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты қолдану үшін көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.
		Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер: 1) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының талаптарына сәйкес келмеуі, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту, егер: Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты, қызметінің нысанасы қаржылық қызметтер көрсету болып табылатын шетелдік заңды тұлғаның филиалы үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған; лицензиялық алым енгізілмеген; өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген; лицензияр тиісті келісуші мемлекеттік органнан өтініш

10.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер	берушінің лицензиялау кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні туралы жауап алған; өтініш берушіге қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған; сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот өтініш беруші-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған; өтініш беруші лицензия алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталған жағдайларда жүзеге асырылады; 2) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы; 3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы.
11.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса), оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	1. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы цифрлық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777. 2. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу тәртібінде көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметі, мемлекеттік қызмет

		көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығының 1414, 8-800-080-7777 телефоны арқылы алуға мүмкіндігі бар.
--	--	---

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне
1-қосымша
Нысан

Ұсынылады: Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: www.gov.kz
Әкімшілік нысанның атауы:
Педагог, оқытушы және басшы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер

(білім беру ұйымының атауы) (_____ жағдай бойынша)
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 1-КК
Кезеңділік: біржолғы
Есепті кезең: 20_жыл
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: мемлекеттік қызметті алуға өтініш берген кезде.

ЖСН/БСН		$H \geq 1,2(h_{\text{в}} + h_{\text{тр}}), \text{ м,}$							(1)
			Жоғары және/немесе техникалық және кәсіптік және/немесе орта білімнен кейінгі білімі						

№	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Туған жылы мен жері	туралы, педагогикалық қайта даярлау туралы мәліметтер, диплом бойынша мамандығы, біліктілігі, білім беру ұйымы, бітірген жылы, өндірістік оқыту шеберлері үшін-тағылымдамадан өткені туралы мәліметтер (ұйымның, өндірістің атауы, Оқу, тағылым дама кезеңі), маман сертификаты	Негізгі жұмыс орнының мекен жайы)	Оқытылатын пәндер бейіні бойынша практикалық жұмыс туралы мәлімет, жұмыс өтілі	Сотталмағандығы (сотталғандығы) туралы мәлімет*	Санаты, берілген күні, санат берілгені туралы бұйрықтың нөмірі * педагог - сарапшылар, педагог-зерттеушілер, педагог - шеберлер туралы мәлімет. Конкурстар мен жарыстардың жеңімпаздарын дайындаған педагогтер туралы мәліметтер	Медициналық тексеруден өткені туралы мәлімет (жеке медициналық кітапшаның болуы) *	Магистр дәрежесі туралы мәлімет (мамандығы, берілген жылы) *
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы

"Философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық	"Философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі	"Ғылым кандидаты" немесе "Ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні"	"Қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор"	Қазақстан Республикасының мемлекеттік марапаттарымен және құрметті атақтары, "Еңбек сіңірген жаттықтыруш	Білім туралы құжатын тану туралы	
--	---	---	--	--	----------------------------------	--

дәрежесі туралы мәлімет, мамандығы, берілген жылы	туралы мәлімет, мамандығы, берілген жылы	бойынша доктор" ғылыми дәрежесі туралы мәлімет, мамандығы, берілген жылы	ғылыми атағы туралы мәлімет, мамандығы, берілген жылы	ы" спорттық атақтары немесе жоғары мен бірінші дәрігерлік санаты туралы мәлімет, берілген жылы	куәліктің болуы туралы мәлімет	Оқытатын пәні
11	12	13	14	15	16	17

Ескертпе: * бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін.

Атауы Наименование _____	Мекенжайы Адрес _____ Жүктеу
-----------------------------	------------------------------------

Телефоны

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты

Орындаушы

Исполнитель _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Мөрдiң орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)

Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства)

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсініктеме

Педагог, оқытушы және басшы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер

(білім беру ұйымының атауы) (_____ жағдай бойынша)

(индексі-1-КК, кезеңділік – біржолғы)

1-бағанда реті бойынша нөмір көрсетіледі;

- 2-бағанда педагогтің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;
- 3-бағанда мұғалімнің туған жылы мен туған жері көрсетіледі;
- 4-бағанда педагогтің білімі туралы мәліметтер көрсетіледі;
- 5-бағанда педагогтің негізгі жұмыс орны көрсетіледі;
- 6-бағанда оқытылатын пәндер туралы мәліметтер және педагогтің жұмыс өтілі көрсетіледі;
- 7-бағанда педагог сотталмағандығы (сотталғандығы) мәліметтер көрсетіледі;
- 8-бағанда педагог санаты туралы мәліметтер көрсетіледі;
- 9-бағанда педагогтің медициналық тексеруден өткені туралы мәлімет (жеке медициналық кітапшаның болуы);
- 10-бағанда педагогтің "магистр" дәрежесі туралы мәліметтер көрсетіледі;
- 11-бағанда педагогтің академиялық дәрежесі туралы мәліметтер көрсетіледі;
- 12-бағанда педагогтің "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі туралы мәліметтер көрсетіледі;
- 13-бағанда педагогтің "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі туралы мәліметтер көрсетіледі;
- 14-бағанда педагогтің "қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атағы туралы мәліметтер көрсетіледі;
- 15-бағанда педагогтің құрметті атақтары мен мемлекеттік наградалары туралы мәліметтер көрсетіледі;
- 16-бағанда педагогтің білім туралы құжатын тану туралы куәліктің болуы туралы мәлімет көрсетіледі;
- 17-бағанда мұғалімнің оқытатын пәні көрсетіледі.

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту,
бастауыш, негізгі орта, жалпы орта,
техникалық және кәсіптік,
орта білімнен кейінгі білім беру,
діни білім беру, кәмететке
толмағандарға білім беру-
сауықтыру қызметтері саласында
білім беру қызметімен айналысуға
лицензия беру" мемлекеттік
қызмет көрсетуге қойылатын
негізгі талаптардың тізбесіне

2-қосымша

Нысан

Ұсынылады: _____

(қызмет көрсетушінің атауы)

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: www.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы:

Оқу, көркем және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер

(білім беру ұйымының атауы) (_____ жағдай бойынша)

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 2-КК

Кезеңділік: біржолғы

Есепті кезең: 20_ жыл

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: мемлекеттік қызметті алуға өтініш берген кезде.

ЖСН/БСН					
P/c №	Оқу пәні, кәсіп бойынша, даярланатын мамандық біліктілігі бойынша, кадрларды даярлау бағыты бойынша оқу пәні, қызмет түрі, тәрбиелеу және оқыту бағдарламасының бөлімі	Пәнді оқитын білім алушылардың саны (болжамды жинақталуы)	Оқу әдебиеті (атауы, басылып шыққан жылы, авторлары)	Оқу-әдістемелік, көркем, ғылыми әдебиеттер (атауы, басылып шыққан жылы, авторлары)*	Саны кемінде 1 дана
1	2	3	4	5	6
Барлығы:					
Атауы Наименование _____			Мекенжайы Адрес _____		

Телефоны

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты

Орындаушы

Исполнитель _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Мөрдiң орны (жеке кәсiпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)

Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства) _____

Әкiмшiлiк деректер нысанын толтыру бойынша түсiнiктеме

Педагог, оқытушы және басшы кадрлармен жасақталуы туралы мәлiметтер

(бiлiм беру ұйымының атауы) (_____ жағдай бойынша)

(индексi-2-КК, кезеңдiлiк – бiржолғы)

1-бағанда ретi бойынша нөмiр көрсетiледi;

2-бағанда оқу пәнi көрсетiледi;

3-бағанда пәндi оқитын бiлiм алушылардың саны көрсетiледi;

4-бағанда оқу әдебиетi көрсетiледi;

5-бағанда оқу-әдiстемелiк, көркем, ғылыми әдебиеттер көрсетiледi;

6-бағанда оқулықтардың саны көрсетiледi.

"Мектепке дейiнгi тәрбие мен оқыту,
бастауыш, негiзгi орта, жалпы орта,
техникалық және кәсiптiк,
орта бiлiмнен кейiнгi бiлiм беру,
дiни бiлiм беру, кәмелетке
толмағандарға бiлiм беру-
сауықтыру қызметтерi саласында
бiлiм беру қызметiмен айналысуға
лицензия беру" мемлекеттiк
қызмет көрсетуге қойылатын
негiзгi талаптардың тiзбесiне

3-қосымша

Нысан

Ұсынылады: _____

(қызмет көрсетушiнiң атауы)

Әкiмшiлiк деректердi өтеусiз негiзде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: www.gov.kz

Әкiмшiлiк нысанның атауы:

Ғимараттардың (оқу корпустарының) медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі және білім беру немесе денсаулық сақтау ұйымының медициналық қызметке лицензиясының болуы туралы мәліметтер

(білім беру/денсаулық сақтау ұйымының атауы) (_____ жағдай бойынша)


Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 3-КК

Кезеңділік: біржолғы

Есепті кезең: 20_ жыл

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: мемлекеттік қызметті алуға өтініш берген кезде.

ЖСН/БСН			
Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекенжайы	Медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәлімет (нөмірі)		Ескертпе
1	2	3	

Лицензияның мәртебесі "e-license.kz" МҚ ЦЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі.

Атауы Наименование _____	Мекенжайы Адрес _____
-----------------------------	--------------------------

Телефоны

Телефон _____

—
Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты

Орындаушы

Исполнитель _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон
фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Мөрдiң орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)

Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства)

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсініктеме
Педагог, оқытушы және басшы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер

(білім беру ұйымының атауы) (_____ жағдай бойынша)
(индексі-3-КК, кезеңділік – біржолғы)

1-бағанда ғимараттардың нақты мекенжайы көрсетіледі;

2-бағанда медициналық қызметке лицензия туралы мәліметтер көрсетіледі;

3-бағанда ескертпе бар болған кезде көрсетіледі.

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту,
бастауыш, негізгі орта, жалпы орта,
техникалық және кәсіптік,
орта білімнен кейінгі білім беру,
діни білім беру, кәмелетке
толмағандарға білім беру-
сауықтыру қызметтері саласында
білім беру қызметімен айналысуға
лицензия беру" мемлекеттік
қызмет көрсетуге қойылатын
негізгі талаптардың тізбесіне
4-қосымша
Нысан

Ұсынылады: _____

(қызмет көрсетушінің атауы)

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста
орналастырылған: www.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы:

Санитариялық қағидаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің және
тамақтану объектісіне санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы туралы
мәліметтер

(білім беру ұйымының атауы) (_____ жағдай бойынша)

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі
(нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 4-КК

Кезеңділік: біржолғы

Есепті кезең: 20_ жыл

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар
тобы: заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:
мемлекеттік қызметті алуға өтініш берген кезде.

ЖСН/БСН			$h = 1,2 \cdot D \cdot \sqrt[3]{\frac{w^2}{g \cdot D}}, \text{ м}$
Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекенжайы	Тамақтандыру объектісінің атауы (асхана, буфет, дәмхана)	Тамақтандыру объектісінің х а л ы қ т ы ң санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы (күні және нөмірі)	Ескертпе (тамақтандыру объектісін жалға берген жағдайда жалға алушылар туралы мәліметтерді көрсету)
1	2	3	4
Атауы Наименование _____		Мекенжайы Адрес _____	

Телефоны

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты

Орындаушы

Исполнитель _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Мөрдiң орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)

Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного

предпринимательства) _____

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсініктеме

Педагог, оқытушы және басшы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер

(білім беру ұйымының атауы) (_____ жағдай бойынша)

(индексі-4-КК, кезеңділік – біржолғы)

1-бағанда ғимараттардың нақты мекенжайы көрсетіледі;

2-бағанда тамақтану объектісінің атауы көрсетіледі;

3-бағанда СЭС қорытындының болуы бойынша мәліметтер көрсетіледі;
 4-бағанда ескертпе бар болған кезде көрсетіледі.

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту,
 бастауыш, негізгі орта, жалпы орта,
 техникалық және кәсіптік,
 орта білімнен кейінгі білім беру,
 діни білім беру, кәмелетке
 толмағандарға білім беру-
 сауықтыру қызметтері саласында
 білім беру қызметімен айналысуға
 лицензия беру" мемлекеттік
 қызмет көрсетуге қойылатын
 негізгі талаптардың тізбесіне
 5-қосымша
 Нысан

Ұсынылады: _____
 (қызмет көрсетушінің атауы)

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста
 орналастырылған: www.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы:

Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы, ерекше білім
 беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жасалған жағдайлар туралы мәліметтер ____

(білім беру ұйымының атауы) (_____ жағдай бойынша)
 Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі
 (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 5-КК
 Кезеңділік: біржолғы
 Есепті кезең: 20_жыл
 Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын
 адамдар тобы: заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер
 Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:
 мемлекеттік қызметті алуға өтініш берген кезде.

ЖСН/БСН			
Құрылыстың типі (типтік жоба, ыңғайластырылған, өзге) білім беру	Материалдық-қаржылық активтердің болуы (меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі),	Меншік үй-жайлардың түрі (кабинеттер, дәрісхана аудиториялары, практикалық сабақтарға арналған үй-жайлар, нақты мамандықтар, кәсіптер бойынша зертханалар мен шеберханалар, мәжіліс және спорт залдары), әлеуметтік-тұрмыстық (өткізу пункттерінің, санитариялық тораптардың болуы (унитаздар, қол жуғыштар), білім беру ұйымының үй-жайларында және	Жалпы алаңы (м2)

процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекенжайы	материалдық активтерді жалға алу туралы мәлімет	іргелес жатқан аумақтарында бейнебақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар (балалар) үшін жағдайлардың болуы	
1	2	3	4

Ескертпе: *жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және оның техникалық сипаттамалары туралы ақпарат "Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры" МҚ ЦЖ-дан деректерді алу мүмкіндігі болған жағдайда ұсынылмайды.

Атауы Наименование _____	Мекенжайы Адрес _____
-----------------------------	--------------------------

Телефоны

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты

Орындаушы

Исполнитель

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Мөрдiң орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)

Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства) _____

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсініктеме

Педагог, оқытушы және басшы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер

(білім беру ұйымының атауы) (_____ жағдай бойынша)

(индексі-5-КК, кезеңділік – біржолғы)

1-бағанда ғимарат құрылысының түрі, ғимараттың нақты мекенжайы көрсетіледі;

2-бағанда материалдық активтердің болуы және жалға берілуі туралы мәліметтер көрсетіледі;

3-бағанда меншік үй-жайлардың түрі, бейнебақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы көрсетіледі;

4-бағанда үй-жайлардың жалпы ауданы көрсетіледі.

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту,
бастауыш, негізгі орта, жалпы орта,
техникалық және кәсіптік,
орта білімнен кейінгі білім беру,
діни білім беру, кәмелетке
толмағандарға білім беру-
сауықтыру қызметтері саласында
білім беру қызметімен айналысуға
лицензия беру" мемлекеттік
қызмет көрсетуге қойылатын
негізгі талаптардың тізбесіне
6-қосымша
Нысан

Ұсынылады: _____

(қызмет көрсетушінің атауы)

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: www.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы:

Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы, оның ішінде компьютерлік сыныптардың, компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің, техникалық оқу құралдарының, білім беруді басқарудың цифрлық жүйесінің, ҰБДҚ-нің, білім беру ұйымдарының үй-жайларында және аумағында бейнекамералардың болуы туралы мәліметтер

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 6-КК

Кезеңділік: біржолғы

Есепті кезең: 20_ жыл

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: мемлекеттік қызметті алуға өтініш берген кезде.

ЖСН/БСН							$q_{\text{прод}} = 10^{-4} \cdot \rho_{\text{н}} \cdot t$	
Жалпы және пайдаланылатын ауданы (м2) көрсетілген ғимараттың құрылыс	Жарактандырылуы туралы мәлеметтер							
	Атауы мен ауданы көрсетілген аудиториалар, пән	Оқу-өндірістік шеберханалар, оқу-тәжірибелік учаскелер, оқу шаруашы	Атауы көрсетілген оқу	Түрі көрсетілген оқу және оқу-зертханалар жабдықтауының, техникалар	Мәжіліс залы, спорт	Компьютерлік сыныптар, компьютерлер, жабдықтау, жиһаз, жеке қолдану	Онлайн-оқыту бойынша жабдықтаудың болуы туралы	Білім беруді басқарудың цифрлық жүйесінің және ҰБДҚ болуы, аймақтағы үшінші деңгейлі домендік атау edu. kz туралы

тың) нақты мекенжа йы	кабинет тері*	лықтары, о қ у полигонд ары*	зертхана лары* (м2)	ық оқу құралдар ының тізбесі	залы (м2) , кітапхана	а арналған шкафтар, бейнекам ералар	мәліметт ер	мәліметтер. Интернеттің болуы туралы ақпарат
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Ескертпе: * техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін сұратылып отырған мамандық бойынша ақпарат ұсынылады. Компьютерлік сыныптардың болуы туралы біліктілік талаптары шағын жинақталған мектептерге қолданылмайды.

Атауы Наименование _____	Мекенжайы Адрес _____
-----------------------------	--------------------------

Телефоны

Телефон _____

— Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты

Орындаушы

Исполнитель _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Мөрдiң орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)

Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства) _____

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсініктеме

Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы, оның ішінде компьютерлік сыныптардың, компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің, техникалық оқу құралдарының, білім беруді басқарудың цифрлық жүйесінің, ҰБДҚ-нің, білім беру ұйымдарының үй-жайларында және аумағында бейнекамералардың болуы туралы мәліметтер (индексі-6-КК, кезеңділік – біржолғы)

1-бағанда ғимараттың нақты мекенжайы көрсетіледі;

2-бағанда аудиторияның, пәндік кабинеттердің жарақтандырылуы туралы мәліметтер көрсетіледі;

3-бағанда меншік үй-жайлардың түрі, бейнебақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы көрсетіледі;

4-бағанда зертханалармен жарақтандыру туралы мәліметтер көрсетіледі;

5-бағанда оқытудың техникалық құралдарының тізбесі көрсетіледі;

6-бағанда акт және спорт залдарымен жарақтандыру туралы мәліметтер көрсетіледі;

7-бағанда компьютерлік сыныптармен, жиһазбен, жеке пайдалануға арналған шкафтармен, бейнекамералармен жарақтандырылуы туралы мәліметтер көрсетіледі;

8-бағанда онлайн-оқыту бойынша жарақтың болуы туралы мәліметтер көрсетіледі;

9-бағанда интернеттің болуы туралы мәліметтер көрсетіледі.

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту,
бастауыш, негізгі орта, жалпы орта,
техникалық және кәсіптік,
орта білімнен кейінгі білім беру,
діни білім беру, кәметке
толмағандарға білім беру-
сауықтыру қызметтері саласында
білім беру қызметімен айналысуға
лицензия беру" мемлекеттік
қызмет көрсетуге қойылатын
негізгі талаптардың тізбесіне

7-қосымша

Нысан

Ұсынылады: _____

(қызмет көрсетушінің атауы)

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: www.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы:

Цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттердің болуы туралы мәліметтер

(білім беру ұйымының атауы) (_____ жағдай бойынша)

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі

(нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 7-КК

Кезеңділік: біржолғы

Есепті кезең: 20_ жыл

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын

адамдар тобы: заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:

мемлекеттік қызметті алуға өтініш берген кезде.

ЖСН/БСН



Р/с №	Кәсіп бойынша, кадрларды даярлау бағыты бойынша, даярланатын мамандық біліктілігі бойынша оқу пәні	Атауы, жасалған жылы	Авторлары	Халықаралық, ұлттық дерекқорларға жазылу туралы мәлімет	Сілтемелер
1	2	3	4	5	6
Атауы Наименование _____		Мекенжайы Адрес _____			
_____		_____			
_____		_____			

Телефоны

Телефон _____

— Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты

Орындаушы

Исполнитель _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Мөрдiң орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)

Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного

предпринимательства)

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсініктеме

Педагог, оқытушы және басшы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер

(білім беру ұйымының атауы) (_____ жағдай бойынша)

(индексі-7-КК, кезеңділік – біржолғы)

1-бағанда реті бойынша нөмір көрсетіледі;

2-бағанда дайындалатын мамандықтар бойынша оқу пәні көрсетіледі;

- 3-бағанда атауы, жасалған жылы көрсетіледі;
 4-бағанда авторлары көрсетіледі;
 5-бағанда халықаралық, ұлттық дерекқорларға жазылу туралы мәлімет көрсетіледі;
 6-бағанда сілтемелер көрсетіледі.

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту,
 бастауыш, негізгі орта, жалпы орта,
 техникалық және кәсіптік,
 орта білімнен кейінгі білім беру,
 діни білім беру, кәмелетке
 толмағандарға білім беру-
 сауықтыру қызметтері саласында
 білім беру қызметімен айналысуға
 лицензия беру" мемлекеттік
 қызмет көрсетуге қойылатын
 негізгі талаптардың тізбесіне
 8-қосымша
 Нысан

Ұсынылады: _____
 (қызмет көрсетушінің атауы)

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: www.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы:

Педагогтер мен басшы кадрлардың пәннің бейініне, білім беру бағдарламаларына сәйкес соңғы бес жылда біліктілігін арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы мәліметтер

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 8-КК

Кезеңділік: біржолғы

Есепті кезең: 20_жыл

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: мемлекеттік қызметті алуға өтініш берген кезде.

ЖСН/БСН					$R_1 = \frac{R_1^H \cdot m}{k_1 \cdot k_H}, \quad R_2 = \frac{R_2^H \cdot m}{k_2 \cdot k_H},$	
№	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Тақырыптың атауы	Оқыған орны мен кезеңі	Оқыған ұйымның атауы	Сағаттар саны және жұмыс өтілі	Аяқталу нысаны
1	2	3	4	5	6	7

Білім беру ұйымының басшысы _____

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) (қолы)

Телефоны

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты

Орындаушы

Исполнитель _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Мөрдiң орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)

Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства) _____

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсініктеме

Педагог, оқытушы және басшы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер

(білім беру ұйымының атауы) (_____ жағдай бойынша)

(индексi-8-КК, кезеңділік – біржолғы)

1-бағанда реті бойынша нөмір көрсетіледі;

2-бағанда педагогтің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3-бағанда курстардың атауы көрсетіледі;

4-бағанда оқыған орны мен кезеңі көрсетіледі;

5-бағанда оқытудан өткен ұйымның атауы көрсетіледі;

6-бағанда сағаттар саны және педагогтің жұмыс өтілі көрсетіледі;

7-бағанда курстарды аяқтау нысаны көрсетіледі.